

## Кеден одағы Комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 11 қаңтардағы № 9 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 105-бабының 5-тармағына және 313-бабының 3-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 мамырдағы № 257 шешімімен бекітілген Тауарға арналған декларацияны толтыру тәртібінің 15-тармағының 42-тармақшасындағы жиырманшы (кестеден кейінгі) абзац "сәйкестендірілген тауарлар " деген сөздерден кейін "және осы тауарға арналған декларацияның 32-графасының бірінші кіші бөлімінде көрсетілген сәйкестендірілген тауардың реттік нөмірі "/" айырым белгісі арқылы," деген сөздермен толықтырылсын.

2. Еуразиялық экономикалық комиссиясының Алқасының 2018 жылғы 27 наурыздағы № 42 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарлардың кедендік құнына кедендік бақылау жүргізу ерекшеліктері туралы ереженің 6-тармағының "д" тармақшасында:

а) қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

б) ", және осы тауарға арналған декларацияның 32-графасының бірінші кіші бөлімінде көрсетілген сәйкестендірілген тауардың реттік нөмірі "/" айырым белгісі арқылы;".

3. Осы Шешім 2022 жылғы 1 қазаннан бастап күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия*  
Алқасының Төрағасы

*М. Мясникович*